

Жоғары оқу орындарын, колледждер мен кәсіптік лицейлердің түлектерін әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар үйымдастыру туралы

## *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 14 қаңтардағы № 95 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының әділет басқармасында 2010 жылғы 29 қаңтарда № 7-1-174 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 23 желтоқсандағы № 3055 қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің  
2010.12.23 № 3055 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы, Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабы, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Заңының 5-бабы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы N 264 "Мемлекеттік басшының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан жанару мен дамуға" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысын басшылыққа алыш, сондай-ақ түрғындарды жұмыспен қамтуда жәрдемдесу бойынша шараларды ұлғайту мақсатында қала

## ҚАУЛЫ

Е Т Е Д І :

1. Жоғары оқу орындарының, колледждер мен кәсіптік лицейлердің тұлектері "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінде (әрі қарай – Уәкілетті орган) тіркелген жұмыссыз жастарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралары ретінде жастар практикасы ұйымдастырылып, жасалады.

2. Еңбекрыногындағы жағдай мен бюджет қарожатына қарай, уәкілетті орган жастар практикасын бағыттау үшін жоғары оқу орындарын, колледждер мен кәсіптік лицейлердің тұлектері арасынан жұмыссыздар санын анықтасын.

3. Уәкілетті органда тіркелген жұмыссыз жоғары оку орындарының, колледждер мен кәсіптік лицейлердің түлектеріне жастар практикасы төңірегіндегі уақытша жұмыс орындарын ұсынуға етініш білдірген жұмыс берушілермен (келісім бойынша) шарт жасасын.

4. Жастар практикасын өткізу жөніндегі іс-шаралар жергілікті бюджет қаражаты мен республикалық бюджеттің мақсатты трансфертері есебінен жүзеге асырылады.

5. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2010 жылдың 1 қаңтардан туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау қала өкімінің орынбасары Т. Р. Нығметовке жүктелсін.

*Қала әкімі*

*C. Оразов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК